

3

Тазалықтан  
басталған  
жаңғыру

6

Татамидегі  
табандылықЖАҢАРУ ҮШІН  
ДАУЫС БЕР!ҚҰРЫЛТАЙ  
23 тамыз  
августаГОЛОСУЙ  
ЗА ОБНОВЛЕНИЕ!

# Сыр бойы

№120-121 (21195-21196) 15 тамыз, сенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.election.gov.kz

/// САУДА МӘДЕНИЕТИ

## ЖАЙМА БАЗАРДАН – ЖАҢА ҒИМАРАТҚА

Қызылорда қаласындағы ашық сауда орындары жыл соңына дейін жаңа орынға көшеді. Қазір шаһардағы базарларда құрылыс қарқынды жүріп жатыр. Нақтырақ айтқанда, «Сыбаға», «Асбол» және «Талғат» базарларының аумағында еңселі сауда орындары бой көтеруде. Біз жұрт арасында «Ескі» және «Жаңа базар» деп аталатын аумақтағы жұмыстарды көзбен көрдік. Базар иелерімен сөйлесіп, кәсіпкерлердің де пікірін аңдаған едік.



Қала әкімдігі берген мәліметке жүгінсек, бүгінде облыста бекітілген жол картасына сәйкес, қала аумағында орналасқан әмбебап сауда базарларын жаңғырту және заманауи сауда форматына көшіру жыл соңына дейін жоспарланған.

– Айталық, «Сұлтан-2» базарының құрылысы биыл ақпан айында толық аяқталып, іске қосылды. Жобаның құны 800 млн теңгеге жуықтайды. Қазір халыққа қызметін ұсынуда. Жалпы базардың төменгі бөлігі көкөністерге, бірінші қабаты азық-түлікке арналса, екінші қабаты киім-кешек және тұрмыстық заттар сататын орындарға бөлінген. Бұған сатушылардың 80 пайызы орналасты, – дейді қалалық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Мұхтар Жетілгенов.

2-бет

/// РУХАНИЯТ

## ЖАҢА МЕШІТ БОЙ КӨТЕРДІ



Қаланың шығыс жақ беткейін алып жатқан Тасбөгет көрінде көркейту, абаттандыру жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Елді мекендегі ең басты мәселе, қалааралық жолдың және ішкі көшелердің сапасын жақсарту мақсатында өткен жылдан басталған құрылыс жұмыстары қазір аяқталуға таяу.

Тасбөгет елді мекенінің халқы үшін тағы бір айтулы жаңалық, кент оралығынан сәулеті келіскен жаңа мешіт бой көтерді. Иман-дылық үйінің ашылуына алыс-жақыннан келген меймандар, зиялы қауым өкілдері, сондай-ақ қарапайым тұрғындар жиналды. Әуелі Құран кәрім аяттарын оқумен бастау алған жиын ел ағаларының, қадірлі қоғамдастық жаксы тілегімен жалғасты.

Жиынға қатысқан облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеубетов жаңа мешіттің ашылуына құттықтау лебізін жеткізді.

Рухани танымдық бағытта қызмет көрсететін сәулетті нысан салып, қала ішінің көркейіп, абаттануына, сондай-ақ тұрғындарға қолайлы жағдай жасауға қолдау көрсеткен Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ерәлиевке алғыс білдірді.

Жиынға арнайы шақырылған Қазақстан мұсылмандар діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы иман-

дылықтың игі шарттары туралы айта келіп, елді біріктіретін елеулі іске бастамашы болған азаматтарға ризашылығын жеткізді.

Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, Денсаулық сақтау ісінің үздігі Тұрғанбай Маханов сынды ел ағалары сөз сөйлеп, бата берді. Қазақстанның Еңбек Ері, «Құрмет», «Отан» ордендерінің иегері Абзал Жұмашұлы жиынға қатысқан ағайынға алғыс білдірді.

Жаңа мешіт ғимаратының жалпы аумағы 946,72 шаршы метр. Құлшылық үйі бір мезетте 700 адамға дейін қабылдай алады. Мешіт құрылысы 2022 жылы жеке кәсіпкер Абзал Ерәлиевтің демеушілігімен басталған.

Айта кетейік, бүгінде Қызылорда облысында 195 мешіт халыққа қызмет көрсетеді. Оның 24-і облыс орталығында орналасқан. «Ербатыр ата» мешіті – Қызылорда қаласындағы 25-ші құлшылық үйі.

«СБ» ақпарат



Суреттер: mufiyat.kz

/// 16 ТАМЫЗ – СПОРТ КҮНІ

## СЫР СПОРТЫ: СЕРПІН, СЕНІМ, ЖЕҢІС

Спорт – жарыс алаңындағы бәсеке мен жеңіс тұғырындағы медаль ғана емес. Ол – ұлт саулығының тірегі, жас ұрпақтың жігерін жылып, мінезін шындайтын үлкен мектеп. Мемлекет басшысының «Спортты насихаттау, оны әсіресе балалар мен жасөспірімдер арасында дәріптеу – ұлт саулығының көпірі» деген сөзі де осы бағыттағы жұмыстың мәнін айқындай түседі. Бүгінде Сыр өңірінде бұқаралық спорттан бастап жоғары жетістіктер спортына дейінгі тұтас жүйені дамытуға басымдық беріліп, соның нәтижесі жаңа нысандардан да, ел намысын қорғаған спортшылардың жеңісінен де анық көрініп отыр.



Коллаж: Қуаныш Омарбаев

Туған жердің намысын арқап жарыс жолына шыққан спортшы үшін әр медальдың салмағы бөлек. Оның артында жылдар бойғы еңбек, таңғы жаттығу, жаракат пен жеңілісті еңсерген қайсарлық жатыр. Ал сондай спортшыны тәрбиелеу үшін талапты бапкермен бірге сапалы база, тұрақты қолдау мен үлкен спортқа бастайтын жүйе қажет. Кейінгі жылдары облыста дәл осы бағытта атқарылған жұмыстар Сыр спорттың тынысын кеңейтіп, жаңа белеске бастады.

Нақты кезеңде облыста 1,5 мыңнан астам спорт нысаны жұмыс істейді.

Оның 900-ден астамы ауылдық елді мекендерде орналасқан.

Бұл – спорттың қаладағы ірі кешендермен ғана шектелмей, ауыл баласына да жақындай түскенінің айғағы. Кейінгі кезеңде өңірде жиырмадан астам жаңа спорт нысаны салынып, ел игілігіне берілді. Осы жылдың өзінде «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Шияға, Бекарыстан би, Келінтөбе және Қожабақы ауылдарында жаңа спорт кешендері ашылып, қолданысқа берілді. Алдағы уақытта Әйтеке би кентінде де жаңа нысанды пайдалануға беру жоспарланып отыр.

6-бет

Валюта бағамы

\$ 465,19 kzt

€ 536,55 kzt

₽ 5,61 kzt

Ауа райы:

Сенбі



+37°



+24°

Жексенбі



+33°



+21°





## СЫР СПОРТЫ: серпін, сенім, жеңіс

Әрине, жаңа ғимаратты тек құрылыс есебіндегі көрсеткіш ретінде бағалау аздық етеді. Оның шынайы құны – сол залға күн сайын келетін баланың арманында. Ауылдағы жасөспірім енді жаттығу үшін алысқа қатынамайды, өзінің туған жерінде шынығып, шеберлігін жетілдіруге мүмкіндік алады. Бүгін сол залда алғашқы әдісін үйренген бала ертең ел чемпионатына, одан әрі халықаралық додаға шығуы әбден мүмкін.

Сыр елінің спорттық келбетін айқындаған ірі жобалардың бірі – Қызылордада ашылған заманауи Үстел Теннис орталығы. Халықаралық талаптарға сай салынған кешенде жас спортшылардың тұрақты жаттығуына барлық жағдай жасалған. Ал облыс орталығындағы 11 мың көрерменге арналған жаңа «Kauasg Arena» стадионы өңір спортының мүмкіндігін мүлде жаңа деңгейге көтерді. УЕФА классификациясы бойынша IV санатқа ие стадионда ел чемпионатының кездесулерімен қатар, Чемпиондар лигасы мен өзге де еурокубоктардың іріктеу кезеңіндегі ресми матчтарын өткізуге мүмкіндік бар. Мұнда футбол алаңынан бөлек, бокс, ауыр атлетика, таеквондо, күрес және өзге де спорт түрлеріне арналған жаттығу залдары қарастырылған.

Бұған қоса, ерекше қажеттілігі бар азаматтарға арналған Инклюзивті спорт орталығының ашылуы – спорттың баршаға ортақ құндылық екенін көрсеткен маңызды қадам. Ал қазір облыс орталығында көпбейінді «Қызылорда Арена» спорт кешенінің құрылысы қызу жүріп жатыр. Аумағы 25 мың шаршы метр болатын нысанда олимпиадалық стандарттағы 50 метрлік бассейні, бірнеше спорт түріне арналған залдар мен 2500 көрерменге лайықталған әмбебап алаң болады. Мұндай кешендердің іске қосылуы Сыр елінің республикалық қана емес, халықаралық деңгейдегі жарыстарды қабылдау мүмкіндігін де арттыра түседі.

Спорттың дамуы салынған ғимараттар санымен өлшенеді десек қателесеміз. Оның басты көрсеткіші – сол нысандардың халыққа қызмет етуі. Қазір облыста 377 мыңнан астам тұрғын денешынықтыру және спортпен жүйелі айналысады. Бұл – өңір халқының 44,6 пайызы. Жыл басынан бері 260-қа жуық бұқаралық спорттық шара ұйымдастырылып, оған 40 мыңға жуық адам қатысқан. Демек, спорт біртіндеп кәсіби спортшылардың ғана емес, тұтас қоғамның күнделікті өмір салтына айналып келеді.

Сыр спортының қуатты қоры балалар мен жасөспірімдер спортында қалыптасып жатыр. Бүгінде 21 спорт мектебінде спорттың 38 түрі бойынша 22 мыңнан астам жас жаттығып,

оларға 670 жаттықтырушы-оқытушы тәлім береді. Әр чемпионның артында оны жеңіске дайындаған бапкер тұратыны белгілі. Жас спортшыға әдіс үйретумен бірге, жеңіліске мойымауды, тәртіп пен төзімділікті, қарсыласқа құрметпен қарауды сіңіретін де – осы мамандар.

Бұл еңбектің өтеуі жарыс нәтижесінен көрінеді. Былтыр Сыр спортшылары Қазақстан чемпионаттары мен кубоктарында 158 алтын, 154 күміс және 227 қола медаль жеңіп алды. Яғни бір жылдың өзінде республикалық додалардан 539 жүлде облыс қоржынына түсті. Ал Әлем және Азия чемпионаттары мен кубоктарында 55 алтын, 38 күміс, 53 қола, барлығы 146 медаль иеленді. Бұл – бір өңір спорты үшін салмақты нәтиже әрі қалыптасқан мектептің әлеуетін көрсететін көрсеткіш.

Биыл да сол екпін бәсеңдеген жоқ. Жеті айдың өзінде облыс спортшылары Әлем және Азия чемпионаттарынан 10 жүлде еншіледі. Оның алтауы – алтын, екеуі – күміс, екеуі – қола. Қазақстан чемпионаттары мен кубоктарынан тағы 155 медаль иеленді. Оның 55-і алтын, 44-і күміс және 56-ы қола. Жылдың аяқталуына әлі біршама уақыт барын ескерсек, бұл көрсеткіш Сыр спортшыларының жаңа маусымда да биік межеден көрінуге бекем екенін аңғартады. Әсіресе халықаралық жарыстардағы он медальдың алтауы алтын болуы – саннан бұрын сапаның, үлкен долада жеңіске ұмтылған мінездің белгісі.

Әрбір алтынның артында бір спортшының ғана тағдыры тұрған жоқ. Оның артында бапкердің маңдай тері, ата-ананың қолдауы, спорт мектебінің еңбегі, тұтас өңірдің сенімі бар. Халықаралық аренада көк Ту көтеріліп, Әнұран шырылған сәт ауылдағы жаттығу залында жүрген жүздеген балаға жігер береді. Өйткені чемпионның жеңісі – келесі буынға үнсіз берілген шақыру.

Сыр елі қашанда намысты қолдан бермеген, жүйрігің бәйгеге, балуанын бозкілемге қосқан жұрт. Бүгін сол дәстүр заманауи спорт кешендерімен, кәсіби дайындықпен және жаңа мүмкіндіктермен сабақтасып келеді. Спорт күні қарсаңында айтылар ең маңызды ой да осы: жеңіс бір күнде келмейді, ал үлкен нәтиже жүйелі еңбектен туады.

Бүгін жаңа залдың табалдырығын алғаш аттаған баланың кім болып шығарын ешкім білмейді. Бірақ, бірнеше жылдан кейін ол ел намысын халықаралық аренада қорғар. Бірақ одан да маңыздысы – спорт оның бойына тәртіп, табандылық пен өзіне деген сенім ұялатады. Ал дені сау, жігерлі, мақсаты айқын ұрпақ – Сыр спортының ғана емес, ел болашағының ең үлкен жеңісі.



Шынар – ересектер арасындағы Әлем чемпионатының қола жүлдегері, жастар арасындағы Азия чемпионы. Ол самбомен қатар дзюдо және казак күресімен де айналысып, бірнеше бағытта шеберлігін шыңдап жүр. Алайда спортты үшін медаль мен атақтан бұрын мінез бен тәртіп маңызды.

Оның спорттағы алғашқы ұстазы – Жанар Дүйсекенова. Бапкер шәкіртіне күрестің әдіс-тәсілдерін ғана емес, адамдық қасиетті де үйреткен.

– Жанар апайым мені спорт әлеміне баулыды. «Сенің алдымен адам болғаның керек» деген сөзі санамда мәңгі қалды. Үлкенді сыйлауды, тәртіпті, өзіңді ұстай білуді сол кісіден үйрен-

16 ТАМЫЗ – СПОРТ КҮНІ

## ТАТАМИДЕГІ ТАБАНДЫЛЫҚ

Үлкен спортта табысқа тек талант емес, төзім, тәртіп пен тынымсыз еңбек жеткізеді. Қызылордалық самбошы Шынар Абатованың спорттағы жолы да осындай табандылық пен үздіксіз ізденістен өрілген. Оның әрбір жүлдесінің артында ұзақ дайындық, үлкен мақсат және спортқа деген адалдық жатыр.

дім. Спорттағы маңызды жетістіктеріміздің бірі – 2024 жылы Астанада өткен ересектер арасындағы Әлем чемпионатындағы қола медаль, – дейді Шынар. – Ал 2022 жылы Ливанда өткен жастар арасындағы Азия чемпионатында жеңімпаз атандым. Бұл жетістіктердің әрқайсысының орны бөлек. Әсіресе Әлем чемпионатының жүлдесі мен үшін ерекше. Оның артында көпжылдық еңбек, күнделікті ауыр жаттығу, жарақаттар мен қиындықтарды еңсеру жолы жатыр. Сыр өңірінің және Қазақстанның көк Туын халықаралық аренада таныту – мен үшін үлкен мақтаныш.

Спортшының сөзінше, мұндай нәтижеге жетудің артында қатан күн тәртібі бар. Шынардың жұмыс күні таңғы 7:00-де басталады. Жүгіру мен дене қыздырудан кейін сағат 10:00-де негізгі жаттығуға кіріседі. Физикалық дайындық, кроссфит, ауырлықпен жұмыс, техника мен тактиканы жетілдіруге бірнеше сағат

бөлінеді. Түстен кейін аз уақыт тынығып, кешкі жаттығуда татамидегі спаррингке, қателіктерді түзетуге және төзімділікті арттыруға көңіл бөледі. Дегенмен үлкен спорттың жолы тек жеңістерден тұрмайды. Шынардың да ауыр жарақат алып, қатарынан сәтсіздікке ұшыраған кездері болған.

– Бәрін тастап кеткім келген сәттер болды. Әсіресе жарақат алған кезде адам физикалық тұрғыдан ғана емес, эмоционалдық жағынан да қатты қиналады. Ұзақ уақыт жаттығудан шет қалу, бұрынғы қалпыңа қашан оралатыныды білмеу, қайта татамиде шыққанда жарақат кайталанып кете ме деген қорқыныш та болады. Кейде өзіне деген сенім азайып, көп ойға берілетін кездер кездеседі. Осындай кездерде ата-анам, отбасым мен бапкерлерім үнемі жанымнан табылып, қолдау көрсетті. Олардың сенімі маған күш беріп, спортқа қайта оралуыма себеп

болды. Біртіндеп жаттығуды бастап, бұрынғы қалпыма келіп, татамиде қайта шыққан сәтте ерекше сезім болды. Қиындықтың бәрін еңсеруге болатынын тағы бір рет түсіндім, – дейді ол.

Шынар ұлттық құрамамен бірге жаттығуын жалғастырып, алдағы жарыстарға дайындалуда. Негізгі мақсаттарының бірі – ел чемпионатында топ жару. Жас спортшыларға айтар кеңесі де қарапайым: дарыннан бұрын еңбек пен тәртіпке сену.

Оның спорттағы жолы әлі талай белеске ұласары анық. Әлем чемпионатының қоласы мен Азия чемпионатының алтын – жылдар бойғы еңбектің нәтижесі ғана емес, алдағы үлкен мақсаттарға бастайтын баспалдақ. Өйткені спортта әр жеңіс жаңа жауапкершілік жүктесе, әр жеңіліс адамды шыңдап, өз мүмкіндігін қайта бағалауға үйретеді.

Бағлан АМАНЖОЛ,  
«Сыр бойы»

БАЙҚАУ

## «ӘН ДӘУРЕН»

Жаңақорған ауданы Қандөз ауылында ақын, сазгер, ғалым Асқар Дүйсенбінің шығармашылығына арналған «Ән дәурен» атты ашық облыстық өншілер байқауы өтті. Байқауға Түркістан облысының өншілері де қатысты.

Сонау тоқсаныншы жылдары айтыс өнері арқылы танылған Асқар Дүйсенбі сазгерлігімен қатар ән әуендеріне сөз жазумен дараланды. Мұзыка зертеушілерінің мәліметінше, оның авторлығымен 500 ден астам әнге сөз жазылған. Оның 150-і танымал әндер қатарында. Әсіресе, Ұлықпан Жолдасов, Алтынай Жорабаева, Тамара Асар, Айгүл Қосанова секілді елге белгілі өншілердің қоржынында оның шығармалары мол. Автордың досы, композитор Арман Дүйсеновпен жасаған тандемі де ел есінде.

Байқау алдында ауыл әкімі Кенес Оразбеков сазгер-ақынға құттықтау сөз арнап, жас талапкерлерге сәттілік тіледі. Бұл шараға арнайы келген атақты айтыс ақыны Бекарыс Шойбеков, түркістандық журналист Мариям Тасболатова және басқалар естеліктер айтып, авторға сыйқұрмет көрсетті. Сонан соң кеш иесі ауыл тұрғындары алдында өз шығармашылығы жөнінде аз-кем сұхбат берді.



Аудан әкімі Ғалымжан Жаркынбекұлының құттықтауын аудандық қоғамдық даму бөлімінің басшысы Әбілғазы Төлегенов табыстады.

Байқауға қазылық еткен Сауран Елеуов, Асқар Дүйсенбі, Талап Тотаевтардың шешімі бойынша бас жүлдені Қызылорда қаласы, Абай ауылының өншісі Айдана Қасымбай жеңіп алды. Бірінші орынды иешілік Мейіржан Қуандықов иеленсе, екінші орын сол Қандөз ауылының өншісі Назгүл Көмекбаеваға бұйырды. Ал үшінші орынды екі өнші – Әбдіғаппар ауылынан келген өнерпаз Өмірсерік Бейсенбиев пен иешілік Еркін Токмырза бөлісті.

Н.НАЗЫМХАНҰЛЫ.  
Жаңақорған ауданы

### Хабарландыру

21.09.2026 ж. сағат 11:00-де Қызылорда облысы Шиелі ауданындағы Шиелі ауылында, Ы. Жақаев көшесі, 1 мекенжайындағы әкімдік ғимаратында «L-42-123-(106-5b-18) (шінара), L-42-123-(106-5b-23) (шінара), L-42-123-(106-5b-24) (шінара), L-42-123-(10d-5a-3)» әсеріне экологиялық рұқсат алу үшін материалдар бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Жобаның тапсырыс берушісі – «КАПЛАСТ» ЖШС, БСН 170840008215. Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Алматы ауданы, Оңтүстік-Шығыс тұрғын алабы (сол жағалау), Ғабиден Мұстафин көшесі, 46-үй, №303 кенесі.

Жобаны әзірлеушісі – «Noosphere ecology system» ЖШС, БСН 230940027185, тел.: +7-777-241-16-40.

Әсер ету аумағы – Қызылорда облысы, Шиелі ауданы.

Жер қойнауы уәкесінің бұрыштық нүктелерінің географиялық координаттары:

| Бұрыштық нүктелер № | Бұрыштық нүктелердің координаттары | Шығыс бойлық |
|---------------------|------------------------------------|--------------|
| 1                   | 44° 32' 00"                        | 67° 12' 00"  |
| 2                   | 44° 32' 00"                        | 67° 13' 00"  |
| 3                   | 44° 31' 00"                        | 67° 13' 00"  |
| 4                   | 44° 31' 00"                        | 67° 14' 00"  |
| 5                   | 44° 30' 00"                        | 67° 14' 00"  |
| 6                   | 44° 30' 00"                        | 67° 13' 00"  |
| 7                   | 44° 29' 00"                        | 67° 13' 00"  |
| 8                   | 44° 29' 00"                        | 67° 12' 00"  |

Әсер ету аумағы пайдалы қазбаларды барлау үшін белгіленген аумақпен шектеледі (әсер ету аумағының координаттары лицензияланған аумақтың координаттарымен сәйкес келеді).

Жоба материалдарымен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкiнiң сайтында танысуға болады (https://ndbecology.gov.kz) және «Қызылорда облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады (https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat).

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: Астанак., Ж. Омаровк-сі 10, 1 кенсе, e-mail: lprnes24@gmail.com, +7-705-403-9338.

Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей электрондық мекенжай бойынша -a.koszhanova@vmail.kz және НҚДБ ЭОК және ҚР сайтында (https://ndbecology.gov.kz) қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі.

Интернеттегі байланыс сілтемесі: https://us06web.zoom.us/j/6834666500?pwd=akMhlyOVUwVWVYKhetg255bVmpwix17H.1

Конференция идентификаторы: 683 466 6500  
Кіру коды: 61PK3E

### Объявление

21.09.2026 г. в 11:00 в селе Шиелі Чинилийский район Кызылординский области по адресу: ул. Ы. Жақаев 1, здание акимата, проводятся общественные слушания в форме открытого собрания по материалам для получения экологического разрешения на воздействие к «Плану разведки твердых полезных ископаемых на площади: 4 (четыре) блока – L-42-123-(106-5b-18) (частично), L-42-123-(106-5b-23) (частично), L-42-123-(10d-5a-3)».

Заказчик проекта – ТОО «КАПЛАСТ», БИН 170840008215. Адрес: РК, г.Астана, район Алматы, жилой массив юго-восток (левая сторона), ул. Габиден Мустафина, д. 46, офис№303

Разработчик проекта – ТОО «Noosphere ecology system», БИН 230940027185, тел. +7-777-241-16-40.

Территория воздействия – Чинилийский район Кызылординская области. Географические координаты угловых точек участка недр:

| №№ угловых точек | Координаты      |                   |
|------------------|-----------------|-------------------|
|                  | северная широта | восточная долгота |
| 1                | 44° 32' 00"     | 67° 12' 00"       |
| 2                | 44° 32' 00"     | 67° 13' 00"       |
| 3                | 44° 31' 00"     | 67° 13' 00"       |
| 4                | 44° 31' 00"     | 67° 14' 00"       |
| 5                | 44° 30' 00"     | 67° 14' 00"       |
| 6                | 44° 30' 00"     | 67° 13' 00"       |
| 7                | 44° 29' 00"     | 67° 13' 00"       |
| 8                | 44° 29' 00"     | 67° 12' 00"       |

Территория воздействия ограничена территорией, определенной под разведку полезных ископаемых (координаты территории воздействия совпадают с координатами лицензионной территории).

С материалами проекта можно ознакомиться на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов (https://ndbecology.gov.kz) и сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области» в разделе «Общественные слушания» (https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat).

Дополнительную информацию можно получить по адресу: г. Астана, ул. Ж. Омарова 10, офис 1, e-mail: lprnes24@gmail.com, +7-705-403-93-38.

Замечания и предложения принимаются не позднее трех рабочих дней до даты проведения общественных слушаний по электронному адресу -a.koszhanova@vmail.kz и на сайте НБД СОС и ГР (https://ndbecology.gov.kz).

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантин, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме.

Ссылка на онлайн подключение: https://us06web.zoom.us/j/6834666500?pwd=akMhlyOVUwVWVYKhetg255bVmpwix17H.1

Идентификатор конференции: 683 466 6500  
Код доступа: 61PK3E

1-бет

Бағлан АМАНЖОЛ,  
«Сыр бойы»

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                       |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------|
| <div> <a href="https://www.facebook.com/syrboyi.kz/">www.facebook.com/syrboyi.kz/</a></div> <div><div>Меншік иесі</div><div></div><div>жауапкершілігі шектеулі серіктестігі</div></div> |  | <div> <a href="https://twitter.com/syrboyi">https://twitter.com/syrboyi</a></div>                                                                                                                                                                                                                                   | <div> <a href="https://www.instagram.com/syrboyi_kz">www.instagram.com/syrboyi_kz</a></div>                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                       |
| <div>БАС ДИРЕКТОР<br/><b>Марат АРАЛБАЕВ</b><br/>қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)</div> <div>БАС РЕДАКТОР<br/><b>Қуат ШАРАБИДИНОВ</b><br/>қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)</div>                                                                                                                          |  | <div>Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)<br/>Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)</div> <div><b>Бөлімдер:</b><br/>руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)<br/>экономика – 40-11-10 (1038, 1033)<br/>әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)<br/>жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)<br/>есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38<br/>компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)</div> | <div>Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті<br/>ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.<br/>«АҚ» - ақылы қызмет.<br/>Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.</div> | <div>Газет аптасына сейсенбі, бейсенбі, сенбі (<i>сенбілік екі нөмір</i>) күндері шығады.<br/>Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.<br/>Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.<br/>Тел.: 8/7242/ 40-06-68.<br/>Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.</div> |                                       |
| Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”.                                                                                                                                                                                                                                                                                         |  | e-mail: <a href="mailto:syrboyi@yandex.kz">syrboyi@yandex.kz</a> / <a href="http://www.syrboyi.kz">www.syrboyi.kz</a>                                                                                                                                                                                                                                                                                  | Таралымы 19783                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                | Тапсырыс №1390                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | Кезекші редактор <b>Ғазиза ӘБІЛДА</b> |